"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламада көрсетілген бұзушылықтарға қарсылық

20.08.2019 ж. № 3979

Осымен "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ, 140440014725 Менімен, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» Республикасы мемлекеттік мекемесінің қызметкері Баймаганбетов Ерболат Кабланбекович «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Камералдық бақылау жүргізу барысында («Промстройсервис.Е» ЖШС және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-нің шағымына сәйкес) №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысын 2 421 671 190 теңгеге сатып алуға жарияланған электрондық конкурсы бойынша №5, 6 және 7 - бейінге сәйкес бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге: - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; - жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талаптары қойылады. Осы тармақтың 5) тармақшасының талабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен айқындалатын өлшемшарттарға сәйкес белгіленеді. Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай - Қағида) 442 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленуі мүмкін әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі мынадай өлшемшарттар бойынша: 1) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, екі жылға дейін; 2) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, бес жылға дейін айқындалады. Қағиданың №5 қосымшасынаның (біліктілік туралы мәліметтер) ескертпесіне сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның

электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта: 1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 2) объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар). Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар); 4) бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) Тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі. Егер жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылған жағдайда, қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі жиынтықта мынадай шарттар сақталған кезде ескеріледі: 1) бір жылдың ішінде қосалқы мердігер ретінде орындалған жұмыстардың кемінде екі объектісі болған кезде бір жыл жұмыс тәжірибесі беріледі. Жылына орындалған жұмыстардың екі объектісінен көп жұмыс тәжірибесі болған кезде, бір жылдан көп жұмыс тәжірибесін беруге жол берілмейді; 2) қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі конкурс нысанасына сәйкес келетін объектілерде жұмыстар (бір немесе бірнеше) орындалған кезде ескеріледі. Бұл ретте қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі тек «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрлері бойынша ескеріледі. 24.05.2019 жылғы №14-0061/19 сараптаманың оң қорытындысына сәйкес, «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысына жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жататындығы жөнінде белгіленген. Конкурстық құжаттаманың 1 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге 5 жыл жұмыс тәжірибесі болуы бойынша біліктілік талабы белгіленген. №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті өнім берушілер «Промстройсервис.Е» ЖШС 8,2% (8 жыл) және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не шартты жеңілдіктер бойынша 4% (4 жыл) белгіленген. Дегенмен, камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім берушілер «Промстройсервис.Е» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі шартты жеңілдігі бойынша 8,8% (8 жыл) және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС»

ЖШС-не жұмыс тәжірибесі шартты жеңілдігі бойынша 6,5% (6 жыл) болуы тиіс. Атап айтқанда: 1. «Промстройсервис.Е» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша конкурстық комиссиямен есептелінген 8,2% өлшемшарттың орнына - 8,8% (8 жыл) - (2009 жыл – 1 объект, 2011 жыл – 1 объект, 2013 жыл – 2 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 3 объект, 2016 жыл – 1 объект, 2017 жыл – 2 объект, 2018 жыл – 1 объект) болып есептелінуі тиіс; 2. «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша конкурстық комиссиямен есептелінген 4 % өлшемшарттың орнына - 6,5 % (6 жыл) - (2011 жыл – 1 объект, 2012 жыл – 2 объект, 2013 жыл – 1 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 1 объект и 1 субподряд, 2016 жыл – 2 объект) болып есептелінуі тиіс. Осыған сәйкес, әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-і конкуртсық құжаттамада талап етілген 5 жыл жұмыс тәжірибесі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келгендіктен конкурсқа қатысуға жіберілуі тиіс еді. Сонымен қатар, Департаментпен, әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС – нің 05.08.2019 жылғы №245 және веб-портал арқылы 28.07.2019 жылғы №51006 санды шағымында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен өткізілген №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысына өткізілген электрондық конкурсында, қатысушы ретінде танылған әлеуетті өнім берушілер «УМИРЗАК» ЖШС (конкурстық өтінімінде, Жабдықтау ЖШС-мен 2009 жылы қосалқы мердігер ретінде ұсынылған «Строительство средней школы на 1200 мест в кенте Айтеке би Казалинского района» объектісі) және «Строительная компания Данекер» ЖШС-нің (конкурстық өтінімінде, «Абу-Сер» ЖШС-мен 2014 жылы қосалқы мердігер ретінде ұсынылған «Дом областных учреждений.Блок Г ҚАЗАҚСТАН г.Кызылорда», 2015 жылғы-«Строительство школы на 900 мест (Блок Ж) ҚАЗАҚСТАН в г.Кызылорда ул Абдразакова район Иппадром» және 2018 жылғы-«Строительство районной больницы на 150 коек, Блок В ҚАЗАҚСТАН г. Аральск Аральского района Кызылординской области» объектісі) конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілгендігі көрсетілген. Осыған орай, «УМИРЗАК» ЖШС және «Строительная компания Данекер» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері бойынша коннкурстық комиссиямен қайта шешім қабылдауға жатады. Әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС – нің 05.08.2019 жылғы №245 санды хаты ЭСЕДО арқылы қосымша ретінде жолданады. Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар камералдық бақылау қағидасының 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады. бөлігінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзушылық анықталған "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі 13.08.2019 жылғы № 431010000-4-5/6/7-72786 хабарламасын қарап шығып, жоғарыда көрсетілген бұзушылықтармен мынадай негіздер бойыншща келіспейтінін хабарлайды

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қ А Р С Ы Л Ы Қ 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 хабарламаға Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы (әрі қарай –ұйымдастырушы.)БСН-14044001725 ұйымдастырған №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» конкурсы (бұдан әрі - Конкурс) нәтижесімен әлеуетті өнім беруші "УМИРЗАК" ЖШС жеңімпаз болып танылған. Осы электрондық конкурс бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай-Департамент) 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (әрі қарай-хабарлама) келтіріп (орындаушы Е. Баймаганбетов), әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірбиесі ретінде жеңілдік шарттары бойынша «Промстройсервис.Е» ЖШС-не 8,2%-тың орнына 8,8% (2009 жыл – 1 объект, 2011 жыл – 1 объект, 2013 жыл – 2 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 3 объект, 2016 жыл – 1 объект, 2017 жыл – 2 объект, 2018 жыл – 1 объект), «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не 4 %-тың орнына 6,5% (2011 жыл – 1 объект, 2012 жыл – 2 объект, 2013 жыл – 1 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 1 объект и 1 субподряд, 2016 жыл – 2 объект)

берілу керектігі, сондай-ақ, әлеуетті өнім берушілер «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-гі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілмегені, және де әлеуетті өнім берушілер «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС мен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілу салдарынан конкурстық комиссиясының қорытындысын қайта қаралуға жатады деп көрсетілген. Алайда, Ұйымдастырушы хабарламада келтірілген уәждермен келіспейді және келесі негіздер бойынша оның күші жойылуға жатады деп есептейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі қарай-Ереже)155-тармағы: Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Ережемен бекітілген конкурстық құжаттаманың 5 - қосымшасының Ескерту бөлімінің мынадай бөліктерінде: 7. Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі. 8. Егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі. 9. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі. 10. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта: 1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 2)

объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар). Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 3) функционалдық мақсаты (1. өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, 2. тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, 3. өзге де құрылыстар); 4) бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) Тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі. Конкурстың құжаттаманың техникалық ерекшелігіндегі 24.05.2019 жылғы №14-0061/19 Мемлекеттік сараптаманың 7.2 бөлігінде: құрылыс-монтаждау нысаны II (қалыпты) жауапкершілік деңгейге жатқызылған. Біріншіден, Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарының жұмыс тәжірибесінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 28.02.2015 жылғы № 165 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидалары» (әрі қарай-Қағида) байланысты конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша II (қалыпты) жауапкершілік деңгейдегі сәйкес келетін нысандар мен қоса Қағиданың 9 тармағы 2) тармақшасы: тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге сай келетін нысандар бойынша есепке алған. Ал, камералдық бақылау жүргізу кезеңінде Е. Баймаганбетов Конкурс бойынша ұсынған әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС біліктілік талаптары бойынша жұмыс тәжірибесін есептеуде қосымша мынадай нысандар бойынша есепке алған: 2013 жыл бойынша - САЗС на 350 з/с, расположенная в Кызылординской области, пос Шиели, трасса 20 летия Независимости, 49 бойынша (0,2%), 2015 жылға - Строительство жилых корпусов для рабочих м/р Нуралы, Аксай бойынша (0,2%), Строительство АЗС с магазином, в Кызылординской области, г. Кызылорда, вдоль трассы Кызылорда-Жалагаш бойынша (0,2%), яғни конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірбиесіне берілген жеңілдік шартқа (8,2%) хабарламамен берілген (0,6%) қосымша қосылуы негізсіз. Себебі, жоғарыда көрсетілген нысандарды барлығы функционалдық мақсаты бойынша Қағиданың 9 тармағы 2) тармақшасындағы өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар жатқызылады. Ал, әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС –нің жұмыс тәжірибесін есептеу кезеңінде қосымша мына нысандар бойынша: 2011 жылға - Строительство 3-х этажной пристройки к адм.зданию ДКНБ РК по Кызылординской области и г.Байконыр бойынша (1%), 2013 жылға- Строительство пристройки к торговому центру "Жайна" в Кызылорда бойынша (1%), яғни конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірбиесіне берілген жеңілдік шартқа (4 %) хабарламамен берілген (2,5%) қосымша қосылуы негізсіз. Бұл нысандар Қағиданың 9 тармағы 3) тармақшасы техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер жатады. Сол себепті, конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 5 жылдан кем болмау керек деген бөлігімен сәйкес келмеуі, яғни әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС ЖШС жұмыс тәжірибесінің жетіспеуінен біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалып, конкурсқа жіберілмеу қажет. Осыған орай, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов Конкурсқа қатысу үшін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін есептеуде конкурстағы объектінің функционалдық мақсатын нақты айқындамауын көруге болады. Екіншіден, әлеуетті өнім беруші «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС конкурстық

өтінімінің жұмыс тәжірибесінде «АбуСер» ЖШС-не қосалқы мердігер ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгені үшін растаушы құжаттарын, яғни объектілерінің пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері мына нысандар: 2014 жылы - «Дом областных учреждений.Блок Г ҚАЗАҚСТАН г.Кызылорда», 2015 жылғы-«Строительство школы на 900 мест (Блок Ж) ҚАЗАҚСТАН в г.Кызылорда ул Абдразакова район Иппадром» және 2018 жылғы - «Строительство районной больницы на 150 коек, Блок В ҚАЗАҚСТАН г. Аральск Аральского района Кызылординской области» бойынша ұсынылған. Сондай-ақ, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімінің жұмыс тәжірибесінде «Жабдықтау» ЖШС-не қосалқы мердігер ретінде 2009 жылы - «Строительство средней школы на 1200 мест в кенте Айтеке би Казалинского района» объектісіне құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгені үшін растаушы құжаттарын, объектілерінің пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері қоса қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынған (қоса жалғанды). Осы объектіге қосалқы мердігер ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгенін «Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» 17.08.2018 жылғы 03-28/2446 хатымен айқындап беріліп, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімінде ұсынған. Алайда, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС Конкурс қорытындысына келіспей, 27.04.2019 жылғы № 228 шағымданған арызының көлемі «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-нің анық емес бергені жөнінде ұсынған. Ал, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімін ұсынғанда анық емес ақпараттың ұсынуына негізделетін растаушы құжаттарды ұсынбауы. Яғни, ұйымдастырушыға белгісіз себептермен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімін ұсынғанда анық емес ақпарат ұсынғанын хабарламада көрсетілуі. Ережемен бекітілген конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертуінде: 1. Егер осы конкурста жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. 2. Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңның 73 бабында объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің тәртібі мен талаптары көрсетілген. Осы орайда, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов қолданыстағы заң талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік мекеме (Тапсырыс беруші - Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылыс) және уәкілетті органдардан (Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы) немесе анық емес ақпарат ұсынылған жөнінде жоғарыда көрсетілген нысандардың бас мердігерлері болып табылатын «Жабдықтау» ЖШС-гі мен «АбуСер» ЖШС-гі ақпарат алып, нақты негізделу қажет еді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңның (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 2) тармақшасы - осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; 3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік; 4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы. Алайда, хабарламада бұл заң талаптары толық сақталмағаны байқалады. Себебі, «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС, «УМИРЗАК» ЖШС, «Промстройсервис.Е» ЖШС және осы конкурсқа

өтінімдерін ұсынған әлеуетті өнім берушілер бәсекелестер болып табылады. Ал, хабарламада әлеуетті өнім берушілер «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС мен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілуі деген негіздемесімен алынған «Промстройсервис.Е» ЖШС-нің арызы жеткіліксіз деп санайды. Осы орайда, Департамент тарапынан Заңының 11 бабы 2 және 3 тармақшасындағы талаптардың сақталмауын басты назарға алу қажет. Айтылғандар негізінде, Қарсылықты қанағаттандырып, Комитеттің 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 хабарламасын қайтарып алуды сұраймыз. Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысы Ж. Ерсейтова орынд. Е. Шашиев тел. 87242605418
Қоса берілген құжаттардың тізбесі электрондық қарсылықта көрсетілген.

Руководитель управления
Ерсейтова Жанзира Казиевна

Республиканское государственное учреждение "Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан"

Возражение
к нарушениям, указанным в уведомлении об устранении нарушений, выявленных по результатам камерального контроля

20.08.2019 года № 3979

Настоящим ГУ "Управление государственных закупок Кызылординской области", 140440014725 рассмотрев уведомление Республиканское государственное учреждение "Департамент внутреннего государственного аудита по Кызылординской области Комитета внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан" от 13.08.2019 года № 431010000-4-5/6/7-72786, где установлены нарушения законодательства Республики Казахстан, в части: Менімен, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» Республикасы мемлекеттік мекемесінің қызметкері Баймаганбетов Ерболат Кабланбекович «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30 бабына сәйкес, мемлекеттік сатып алулар веб-порталы арқылы Камералдық бақылау жүргізу барысында («Промстройсервис.Е» ЖШС және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-нің шағымына сәйкес) №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысын 2 421 671 190 теңгеге сатып алуға жарияланған электрондық конкурсы бойынша №5, 6 және 7 - бейінге сәйкес бұзушылықтар анықталды: Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай – Заң) 9 бабы 1 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге: - тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы; - жұмыс тәжірибесінің болуы бойынша біліктілік талаптары қойылады. Осы тармақтың 5) тармақшасының талабы мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларымен айқындалатын өлшемшарттарға сәйкес белгіленеді. Заңының 27 бабының 1 тармағына сәйкес, конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді қарауды біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келетін әлеуетті өнім берушілерді айқындау мақсатында жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидасының (әрі қарай - Қағида) 442 тармағына сәйкес, конкурстық құжаттамада (аукциондық құжаттамада) белгіленуі мүмкін әлеуетті өнім берушілердің сатып алынатын тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет нарығындағы жұмыс тәжірибесі мынадай өлшемшарттар бойынша: 1) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, екі жылға дейін; 2) егер конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алуға бөлінген қаржы тиісті қаржы жылына белгіленген екі жүз елу мың еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен асатын болса, бес жылға дейін айқындалады. Қағиданың №5 қосымшасынаның (біліктілік туралы мәліметтер) ескертпесіне сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні

пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері, не осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құрылыс-монтаж жұмыстарының сапасы туралы қорытындыны немесе орындалған жұмыстардың жобаға сәйкестігі туралы қорытынды немесе сәйкестік туралы декларация ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта: 1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 2) объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар). Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 3) функционалдық мақсаты (өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, өзге де құрылыстар); 4) бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) Тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі. Егер жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылған жағдайда, қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі жиынтықта мынадай шарттар сақталған кезде ескеріледі: 1) бір жылдың ішінде қосалқы мердігер ретінде орындалған жұмыстардың кемінде екі объектісі болған кезде бір жыл жұмыс тәжірибесі беріледі. Жылына орындалған жұмыстардың екі объектісінен көп жұмыс тәжірибесі болған кезде, бір жылдан көп жұмыс тәжірибесін беруге жол берілмейді; 2) қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі конкурс нысанасына сәйкес келетін объектілерде жұмыстар (бір немесе бірнеше) орындалған кезде ескеріледі. Бұл ретте қосалқы мердігердің жұмыс тәжірибесі тек «Рұқсаттар мен хабарламалар туралы» Заңына сәйкес лицензияланатын қызмет түрлері бойынша ескеріледі. 24.05.2019 жылғы №14-0061/19 сараптаманың оң қорытындысына сәйкес, «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысына жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі объектілерге жататындығы жөнінде белгіленген. Конкурстық құжаттаманың 1 қосымшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге 5 жыл жұмыс тәжірибесі болуы бойынша біліктілік талабы белгіленген. №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев

көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысын сатып алуға өткізілген электрондық конкурсы бойынша конкурстық комиссия тарапынан, әлеуетті өнім берушілер «Промстройсервис.Е» ЖШС 8,2% (8 жыл) және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не шартты жеңілдіктер бойынша 4% (4 жыл) белгіленген. Дегенмен, камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім берушілер «Промстройсервис.Е» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі шартты жеңілдігі бойынша 8,8% (8 жыл) және «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі шартты жеңілдігі бойынша 6,5% (6 жыл) болуы тиіс. Атап айтқанда: 1. «Промстройсервис.Е» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша конкурстық комиссиямен есептелінген 8,2% өлшемшарттың орнына - 8,8% (8 жыл) - (2009 жыл – 1 объект, 2011 жыл – 1 объект, 2013 жыл – 2 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 3 объект, 2016 жыл – 1 объект, 2017 жыл – 2 объект, 2018 жыл – 1 объект) болып есептелінуі тиіс; 2. «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-не жұмыс тәжірибесі бойынша конкурстық комиссиямен есептелінген 4 % өлшемшарттың орнына - 6,5 % (6 жыл) - (2011 жыл – 1 объект, 2012 жыл – 2 объект, 2013 жыл – 1 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 1 объект и 1 субподряд, 2016 жыл – 2 объект) болып есептелінуі тиіс. Осыған сәйкес, әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-і конкуртсық құжаттамада талап етілген 5 жыл жұмыс тәжірибесі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келгендіктен конкурсқа қатысуға жіберілуі тиіс еді. Сонымен қатар, Департаментпен, әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС – нің 05.08.2019 жылғы №245 және веб-портал арқылы 28.07.2019 жылғы №51006 санды шағымында «Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы» мемлекеттік мекемесімен өткізілген №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» жұмысына өткізілген электрондық конкурсында, қатысушы ретінде танылған әлеуетті өнім берушілер «УМИРЗАК» ЖШС (конкурстық өтінімінде, Жабдықтау ЖШС-мен 2009 жылы қосалқы мердігер ретінде ұсынылған «Строительство средней школы на 1200 мест в кенте Айтеке би Казалинского района» объектісі) және «Строительная компания Данекер» ЖШС-нің (конкурстық өтінімінде, «Абу-Сер» ЖШС-мен 2014 жылы қосалқы мердігер ретінде ұсынылған «Дом областных учреждений.Блок Г ҚАЗАҚСТАН г.Кызылорда», 2015 жылғы-«Строительство школы на 900 мест (Блок Ж) ҚАЗАҚСТАН в г.Кызылорда ул Абдразакова район Иппадром» және 2018 жылғы-«Строительство районной больницы на 150 коек, Блок В ҚАЗАҚСТАН г. Аральск Аральского района Кызылординской области» объектісі) конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілгендігі көрсетілген. Осыған орай, «УМИРЗАК» ЖШС және «Строительная компания Данекер» ЖШС-нің конкурстық өтінімдері бойынша коннкурстық комиссиямен қайта шешім қабылдауға жатады. Әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС – нің 05.08.2019 жылғы №245 санды хаты ЭСЕДО арқылы қосымша ретінде жолданады. Жоғарыдағылардың негізінде, анықталған бұзушылықтар камералдық бақылау қағидасының 2-қосымшасына сәйкес жойылуға жатады. , сообщает о несогласии с вышеуказанными нарушениями, по следующим основаниям:
Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті Қ А Р С Ы Л Ы Қ 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 хабарламаға Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы (әрі қарай –ұйымдастырушы.)БСН-14044001725 ұйымдастырған №3403737-1 «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кентіндегі Б. Байкенжеев көшесі бойында 600 орынды мектеп салу» конкурсы (бұдан әрі - Конкурс) нәтижесімен әлеуетті өнім беруші "УМИРЗАК" ЖШС жеңімпаз болып танылған. Осы электрондық конкурс бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті (әрі қарай-Департамент) 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (әрі қарай-хабарлама) келтіріп (орындаушы Е. Баймаганбетов), әлеуетті өнім берушілерге жұмыс тәжірбиесі ретінде жеңілдік шарттары бойынша «Промстройсервис.Е» ЖШС-не 8,2%-тың орнына 8,8% (2009 жыл – 1 объект, 2011 жыл – 1 объект, 2013 жыл – 2 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 3 объект, 2016 жыл – 1 объект, 2017 жыл – 2 объект, 2018 жыл – 1 объект), «ТЕХОСНАСТКА-

РЕМСЕРВИС» ЖШС-не 4 %-тың орнына 6,5% (2011 жыл – 1 объект, 2012 жыл – 2 объект, 2013 жыл – 1 объект, 2014 жыл – 1 объект, 2015 жыл – 1 объект и 1 субподряд, 2016 жыл – 2 объект) берілу керектігі, сондай-ақ, әлеуетті өнім берушілер «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС-гі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілмегені, және де әлеуетті өнім берушілер «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС мен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілу салдарынан конкурстық комиссиясының қорытындысын қайта қаралуға жатады деп көрсетілген. Алайда, Ұйымдастырушы хабарламада келтірілген уәждермен келіспейді және келесі негіздер бойынша оның күші жойылуға жатады деп есептейді. Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (әрі қарай-Ереже)155-тармағы: Егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша нөл бүтін оннан бес пайыз (0,5 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бір жылдың ішінде әлеуетті өнім беруші конкурста сатып алынатын, оның ішінде біреуден артық құрылыс объектісінде осындай (ұқсас) жұмыс түрлері бойынша жұмыстарды орындаған жағдайда, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан екі пайыз (0,2 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер бұл жұмыстарды әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігер ретінде орындаса, конкурстық комиссия келесі әрбір құрылыс объектісі үшін нөл бүтін оннан бір пайыз (0,1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Егер конкурстың нысанасы құрылыспен байланысты емес жұмыстар болып табылған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстардың түрлеріне ұқсас (сондай) келесі орындалған әрбір жұмыс үшін нөл бүтін оннан екі (0,2 %) пайыз мөлшерінде шартты жеңілдік береді. Осы өлшемшарттың конкурсқа қатысуға өтінімнің шартты бағасына жиынтық пайыздық әсері он пайыздан аспайды. Жұмыс тәжірибесінің болуы үшін шартты бағаға пайыздық әсерді конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады. Ережемен бекітілген конкурстық құжаттаманың 5 - қосымшасының Ескерту бөлімінің мынадай бөліктерінде: 7. Егер конкурстың нысанасы кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және реконструкциялау болып табылған жағдайда, онда күрделі жөндеуді қоспағанда, жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау жұмысының тәжірибесі ескеріледі. 8. Егер конкурстың нысанасы күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, онда жаңа объектілерді салу, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жасақтау және қолданыста бар объектілерді реконструкциялау және күрделі жөндеу жұмысының тәжірибесі ескеріледі. 9. Құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесі құрылыс объектілерінің функционалдық мақсаты мен салалық тиесілілігіне (құрылыс түрлері бойынша бұдан бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе сәйкестігі) және Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған олардың техникалық күрделілігіне сүйене отырып есептеледі. 10. Әлеуетті өнім берушінің құрылыс саласындағы жұмыс тәжірибесін (құрылыс-монтаждау жұмыстары мен жобалау) есептеу кезінде жиынтықта: 1) ғимараттар мен құрылыстардың жауапкершілік деңгейі (бірінші – жоғары, екінші – қалыпты, үшінші – төмендетілген) есептеледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, тек жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары) және екінші (қалыпты) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы жауапкершілік деңгейі үшінші (төмендетілген) ғимарат пен

құрылыс болып табылған жағдайда, жауапкершілік деңгейі бірінші (жоғары), екінші (қалыпты) және үшінші (төмендетілген) ғимарат пен құрылыстың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 2) объектілердің техникалық жағынан күрделілігі (техникалық жағынан күрделі объектілерге жататын ғимараттар мен құрылыстар және техникалық жағынан күрделі объектілерге жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар). Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілер (кешендер) болып табылған жағдайда, тек техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) жұмыс тәжірибесі ескеріледі. Егер конкурс нысанасы техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстар болып табылған жағдайда, техникалық жағынан күрделі объектілердің (кешендердің) және техникалық жағынан күрделі объектілерге (кешендерге) жатпайтын ғимараттар мен құрылыстардың жұмыс тәжірибесі ескеріледі; 3) функционалдық мақсаты (1. өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар, 2. тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер, 3. өзге де құрылыстар); 4) бұрын орындалған жұмыстар конкурс нысанасымен "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттардың (лицензиялардың) Тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің бір түрінде болған жағдайда, олардың ұқсастығы немесе сәйкестігі ескеріледі. Конкурстың құжаттаманың техникалық ерекшелігіндегі 24.05.2019 жылғы №14-0061/19 Мемлекеттік сараптаманың 7.2 бөлігінде: құрылыс-монтаждау нысаны II (қалыпты) жауапкершілік деңгейге жатқызылған. Біріншіден, Конкурстық комиссия конкурсқа қатысу үшін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің біліктілік талаптарының жұмыс тәжірибесінде, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 28.02.2015 жылғы № 165 бұйрығымен бекітілген «Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидалары» (әрі қарай-Қағида) байланысты конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша II (қалыпты) жауапкершілік деңгейдегі сәйкес келетін нысандар мен қоса Қағиданың 9 тармағы 2) тармақшасы: тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілерге сай келетін нысандар бойынша есепке алған. Ал, камералдық бақылау жүргізу кезеңінде Е. Баймаганбетов Конкурс бойынша ұсынған әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС біліктілік талаптары бойынша жұмыс тәжірибесін есептеуде қосымша мынадай нысандар бойынша есепке алған: 2013 жыл бойынша - САЗС на 350 з/с, расположенная в Кызылординской области, пос Шиели, трасса 20 летия Независимости, 49 бойынша (0,2%), 2015 жылға - Строительство жилых корпусов для рабочих м/р Нуралы, Аксай бойынша (0,2%), Строительство АЗС с магазином, в Кызылординской области, г. Кызылорда, вдоль трассы Кызылорда-Жалагаш бойынша (0,2%), яғни конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірбиесіне берілген жеңілдік шартқа (8,2%) хабарламамен берілген (0,6%) қосымша қосылуы негізсіз. Себебі, жоғарыда көрсетілген нысандарды барлығы функционалдық мақсаты бойынша Қағиданың 9 тармағы 2) тармақшасындағы өнеркәсіп объектілері, өндіріс ғимараттары, құрылыстар жатқызылады. Ал, әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС» ЖШС –нің жұмыс тәжірибесін есептеу кезеңінде қосымша мына нысандар бойынша: 2011 жылға - Строительство 3-х этажной пристройки к адм.зданию ДКНБ РК по Кызылординской области и г.Байконыр бойынша (1%), 2013 жылға- Строительство пристройки к торговому центру "Жайна" в Кызылорда бойынша (1%), яғни конкурстық комиссиямен жұмыс тәжірбиесіне берілген жеңілдік шартқа (4 %) хабарламамен берілген (2,5%) қосымша қосылуы негізсіз. Бұл нысандар Қағиданың 9 тармағы 3) тармақшасы техникалық жағынан күрделілерге жатпайтын жауапкершілігі II (қалыпты) деңгейдегі тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер жатады. Сол себепті, конкурстық құжаттамада белгіленген сатып алынатын жұмыстар нарығында 5 жылдан кем болмау керек деген бөлігімен сәйкес келмеуі, яғни әлеуетті өнім беруші «ТЕХОСНАСТКА-РЕМСЕРВИС ЖШС жұмыс тәжірибесінің жетіспеуінен біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалып, конкурсқа жіберілмеу қажет. Осыған орай, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов Конкурсқа қатысу үшін ұсынған әлеуетті өнім берушілердің жұмыс тәжірибесін

есептеуде конкурстағы объектінің функционалдық мақсатын нақты айқындамауын көруге болады. Екіншіден, әлеуетті өнім беруші «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС конкурстық өтінімінің жұмыс тәжірибесінде «АбуСер» ЖШС-не қосалқы мердігер ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгені үшін растаушы құжаттарын, яғни объектілерінің пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері мына нысандар: 2014 жылы - «Дом областных учреждений.Блок Г ҚАЗАҚСТАН г.Кызылорда», 2015 жылғы-«Строительство школы на 900 мест (Блок Ж) ҚАЗАҚСТАН в г.Кызылорда ул Абдразакова район Иппадром» және 2018 жылғы - «Строительство районной больницы на 150 коек, Блок В ҚАЗАҚСТАН г. Аральск Аральского района Кызылординской области» бойынша ұсынылған. Сондай-ақ, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімінің жұмыс тәжірибесінде «Жабдықтау» ЖШС-не қосалқы мердігер ретінде 2009 жылы - «Строительство средней школы на 1200 мест в кенте Айтеке би Казалинского района» объектісіне құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгені үшін растаушы құжаттарын, объектілерінің пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері қоса қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынған (қоса жалғанды). Осы объектіге қосалқы мердігер ретінде құрылыс-монтаждау жұмыстарын жүргізгенін «Қызылорда облысының құрылыс басқармасы» 17.08.2018 жылғы 03-28/2446 хатымен айқындап беріліп, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімінде ұсынған. Алайда, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов әлеуетті өнім беруші «Промстройсервис.Е» ЖШС Конкурс қорытындысына келіспей, 27.04.2019 жылғы № 228 шағымданған арызының көлемі «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-нің анық емес бергені жөнінде ұсынған. Ал, әлеуетті өнім беруші «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімін ұсынғанда анық емес ақпараттың ұсынуына негізделетін растаушы құжаттарды ұсынбауы. Яғни, ұйымдастырушыға белгісіз себептермен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімін ұсынғанда анық емес ақпарат ұсығанын хабарламада көрсетілуі. Ережемен бекітілген конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертуінде: 1. Егер осы конкурста жұмыс тәжірибесінің болуы біліктілік талабы болып табылмаған жағдайда растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерінің болмауы тиісті шартты жеңілдікке әсер етеді. 2. Егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады. Егер әлеуетті өнім берушінің қосалқы мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі бар болған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган бекіткен нысаны бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелерін ұсынады. Объектіні пайдалануға қабылдау актілерінде қосалқы мердігер туралы мәліметтер болмаған жағдайда, осы қосалқы мердігер туралы мәліметтер көрсетілген сәйкестік туралы декларацияның электрондық көшірмелерін қосымша ұсынады. «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» ҚР Заңның 73 бабында объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің тәртібі мен талаптары көрсетілген. Осы орайда, камералдық бақылау жүргізу барысында Е. Баймаганбетов қолданыстағы заң талаптарын сақтай отырып, мемлекеттік мекеме (Тапсырыс беруші - Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылыс) және уәкілетті органдардан (Қызылорда облысының мемлекеттік сәулет-құрылыс басқармасы) немесе анық емес ақпарат ұсынылған жөнінде жоғарыда көрсетілген нысандардың бас мердігерлері болып табылатын «Жабдықтау» ЖШС-гі мен «АбуСер» ЖШС-гі ақпарат алып, нақты негізделу қажет еді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңның (бұдан әрі - Заң) 4-бабы 2) тармақшасы - осы Заңда көзделгеннен басқа жағдайларда, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру; 3) әлеуетті өнім берушілер арасындағы адал бәсекелестік; 4) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы. Алайда,

хабарламада бұл заң талаптары толық сақталамағаны байқалады. Себебі, «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС, «УМИРЗАК» ЖШС, «Промстройсервис.Е» ЖШС және осы конкурсқа өтінімдерін ұсынған әлеуетті өнім берушілер бәсекелестер болып табылады. Ал, хабарламада әлеуетті өнім берушілер «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС мен «УМИРЗАК» ЖШС конкурстық өтінімдерінде анық емес ақпарат берілуі деген негіздемесімен алынған «Промстройсервис.Е» ЖШС-нің арызы жеткіліксіз деп санайды. Осы орайда, Департамент тарапынан Заңының 11 бабы 2 және 3 тармақшасындағы талаптардың сақталмауын басты назарға алу қажет. Айтылғандар негізінде, Қарсылықты қанағаттандырып, Комитеттің 13.08.2019 жылғы №431010000-4-5/6/7-72786 хабарламасын қайтарып алуды сұраймыз. Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы басшысы Ж. Ерсейтова орынд. Е. Шашиев тел. 87242605418
Перечень прилагаемых документов приведен в электронном возражении.

Руководитель управления
Ерсейтова Жанзира Казиевна